



А.С. ӨТЕМІС<sup>1</sup> , А.Б. АБДУЛЛИНА<sup>2</sup>   
<sup>1</sup>Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті  
<sup>2</sup>Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті  
✉ e-mail: otemis.kaz@mail.ru

## ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ЛИРИКАЛЫҚ ҚАҺАРМАН МЕН ПСИХОЛОГИЗМ МӘСЕЛЕСІ (Қалқаман Сарин және Ақберен Елгезек поэзиясы негізінде)

**Аңдатпа.** Қазіргі қазақ лирикасы қоғамдық өзгерістермен, рухани ізденістермен, адам санасындағы ішкі күйзелістермен тығыз байланысты. Ақындар шығармаларында адамның жан дүниесін, сезімін, ішкі психологиялық жағдайын терең әрі шынайы жеткізу тенденциясы арта түсті. Бұл қазақ поэзиясындағы психологизм құбылысының өзектілігін айқындайды. Бүгінгі әдебиеттануда лирикалық «мен» табиғаты, ішкі монолог, сезім мен сана күресі секілді мәселелер кеңінен қарастырылып, жаңа теориялық талдауды қажет етеді. Бұл мақалада қазіргі қазақ поэзиясы жанрындағы психологизм көрінісі мен өлең жолдарындағы лирикалық қаһарман мәселесі ғылыми тұрғыда талданады. Лирикалық қаһарманға қатысты шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектері салыстырмалы түрде қаралып, сол бойынша тұжырымдар жасалады. Поэзияда лирикалық қаһарман бейнесі көркем шындықты байыта отырып, әдебиетке жаңаша тәжірибелер жасауға мүмкіндік береді. Автордың ішкі жинақталған ойын, сана-сезімін, эмоциясын, жан жүрегіндегі толғаныстарын көрсетуге өз септігін тигізетін психологизм тақырыбы мақаламыздың негізгі нысаны саналады. Психологиялық тереңдік пен лирикалық кейіпкердің дамуы, ақын жанының күйзелісі, жалғыздық, үміт пен үрей тақырыптары жөнінде зерттеулер жасалады. Мақаламызда қазіргі қазақ поэзиясының көрнекті өкілдері, белгілі ақын Қалқаман Сарин мен Ақберен Елгезектің көктем мезгіліне қатысты өлеңдері назарға алынып, сол бойынша зерттеу жұмыстары атқарылады. Көктем мезгіліне қатысты тақырыптағы өлеңдердің табиғи құбылысқа ғана арналып жазылмағандығын ескеріп, оның ақын психологизмі мен табиғат көрінісінің бір-біріне әсерін, оның шығармада келу үдерісін айқындауға тырыстық. Зерттеу мақаласында авторлар З. Қабдолов, З. Ахметов, Р. Нұрғали, Т. Шапайдың өлең табиғатына, лирикаға қатысты тұжырымдарын саралап, әлемдік психо-аналитик ғалымдар З. Фрейдтен бастап А. Адлерге дейінгі, т.б. ғалымдардың психологиялық үдеріске қатысты ойларына мән беріп, отандық әдебиеттану ғылымындағы зерттеуші-ғалымдардың тұжырымдарына сүйене отырып, аталмыш мақаланың тақырыбын ашып, тұжырымдауға тырысады.

**Кілт сөздер:** психологизм, лирикалық қаһарман, фокализация, поэзия, лирика.

---

### \* Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:

Өтеміс А.С., Абдуллина А.Б. Қазіргі қазақ поэзиясындағы лирикалық қаһарман мен психологизм мәселесі (Қалқаман Сарин және Ақберен Елгезек поэзиясы негізінде) // Yassawi Journal of Philology. – 2026. – №1 (1). – Б. 228-241. <https://doi.org/10.47526/2026-1/3107-3085.19>

### \*Cite us correctly:

Otemis A.S., Abdullina A.B. Qazirgi qazaq poeziasyndagy lirikalyq qaharman men psihologizm maselesi (Qalqaman Sarin zhane Aqberen Elgezek poeziasy negizinde) [The Problem of the Lyrical Hero and Psychologism in Modern Kazakh Poetry (Based on the poems of Kalkaman Sarin and Akberen Elgezek)] // Yassawi Journal of Philology. – 2026. – №1 (1). – B. 228-241. <https://doi.org/10.47526/2026-1/3107-3085.19>

Мақаланың редакцияға түскен күні 15.04.2025 / қабылданған күні 30.03.2026

## Кіріспе

Поэзияда көрініс табатын психологизм – ақын жан дүниесінен бастау алып, лирикалық кейіпкерінің эмоционалды тебіренісіне, түрлі сезімдерін сипаттауына түрткі болатын әдебиеттанудың дамушы бағыттарының бірі. Лирикалық шығармалар бір қарағанда, оқылуы тез, оңай болғанымен, бар салмағын мағына тереңдігінде қалдырады. Ақынның әлемді сезінуі мен лирикалық қаһарман арасындағы нәзік байланыстың бар екендігі рас. Бүгінде лирикалық субъектіні ішкі күйді метафоралық әрі тұтастықта поэтикалық өрім арқылы танытатын эстетикалық категорияға жатқызамыз. Сондықтан лиризм мен психологизмді поэзия контекстінде бөлектеп қарау мүмкін емес. Олар бір эстетикалық өрістің екі қыры.

Қазақ әдебиеттану ғылымында лирикаға қатысты зерттеулер аз емес. Мәселен, З. Қабдоловтың «Әдебиет теориясының негіздері» еңбегінде ғалым «Лирикалық шығармаға ақынның ішкі дүниесінің сыртқы себептермен, жалпы ақиқат шындықтың әсерімен аса қатты толқыну, автордың өз басының алуан-алуан нәзік түйсіктері, күйініш-сүйініші тән» [1, 331-б.] деген тұжырым ұсынып, лирикадағы субъективтілік бастау, лирикалық «меннің» табиғатын талдаған. Зерттеуші Р. Нұрғали «Сөз өнерінің эстетикасы» монографиясында қазақ лирикасындағы тұлғалық-образдық ерекшеліктеріне психологиялық тереңдікті атап өтеді. Ғалым Р. Нұрғали пікірінше, лирикалық «меннің» сезімі диалог, ішкі монолог, сырласу формасында беріліп, психологиялық астар символдық һәм метафоралық бейнелеуге ұштасады [2]. З.Ахметовтың «Өлең сөздің теориясы» атты зерттеуінде өлеңдегі лирикалық қаһарманның рөлі, ішкі монолог, психологиялық тереңдік мәселелері қарастырылады. Ғалым З. Ахметов пікірінше, «Поэзия – сөз өнері, көркемдік шеберліктің теңдесі жоқ озық үлгісі. Оның үстіне аса маңызды әлеуметтік, қоғамдық құбылыстарды бейнелеп, көрсете алатын зор мүмкіншілігі бар» [3, 7-б.]. Лириканың эмоциялық табиғатын ерекше бағалап, оның түп мәнін *адамның ішкі мәдениеті мен ойлау тереңдігін білдіретін феномен* деп сипаттайды.

Ғалым З. Ахметов тұжырымдаған лирика туралы ойлары қазақ поэзиясын ғылыми тұрғыдан тануда аса маңызды. З. Ахметов пайымдағандай, лирика – адам жанының қозғалысын көркем бейнелейтін терең өнер, лирикалық қаһарман – автордың рухани «мені». Қазақ лирикасы өзінің ұлттық бояуын дыбыс, ырғақ, тілдік символдар арқылы танытады. З. Ахметовтың «Өлең сөздің теориясы» еңбегі қазақ поэзиясының табиғатын жан-жақты талдаған ең кең ғылыми зерттеудің бірі. Бұл кітапта З. Ахметов лириканың мәнін, тілін, образдық жүйесін, өлшем-ырғағын, интонациясын терең қарастырады. З. Ахметов «Өлең сөздің теориясы» еңбегінде лирикалық қаһарман туралы іргелі қағиданы қалыптастырады: лирикалық қаһарман *автордың өзі емес, бірақ соған жақын бейне*, лирикалық кейіпкер көркемдік тұрғыда жасалған субъективті тұлға, өлеңдегі «мен» ақынның өмірбаяны емес, көркем ойының, эстетикалық санасының бейнесі [3]. З. Ахметов бұл айырмашылықты дәлелдеу үшін интонация, психологиялық реңк, образдылық ерекшеліктерін талдайды.

Әдебиет сыншысы Т. Шапайдың «Ой түбінде жатқан сөз» зерттеу еңбегіндегі лирикаға қатысты ойлар зерттеуіміздің негізгі мақсатын айқындай түседі. Ғалым Т. Шапайдың пікірінше, «поэзия – сұлулық пен ақиқат, жақсылық пен парасат, жарасым-гармонияны мұрат тұтқан біртұтас рух майданы» [4, 11-б.]. Қазақ лирикасына қатысты зерттеуші Т. Шапайдың ойынша, «Лирика – белгілі бір уақыт пен ортаның жемісі, сол орта мен уақыт перзентінің көңіл-күйі, жан тебіренісі. Оның бойындағы барша қасиет-қадірді нақты мезгіл рухы, дәуір мазмұны айқындамақ» [4, 21-б.]. Лирика белгілі бір дәуірдің, сол дәуірде өмір сүрген адамның ішкі жан дүниесінің көрінісі. Әрбір лирикалық шығарма сол кезеңдегі мәдениетке, қоғамдағы ахуалға, адамдардың ой-санасына сай туады. Ақынның сезімі, қуанышы мен қайғысы, арманы мен өкініші – бәрі өз ортасының әсерімен қалыптасады.

Т. Шапай «бүгінгі лирика – замандасымыздың рухани өмірінің, сезім әлемінің, ой дүниесінің көрікті суреті» деген тұжырымнан кейін лирикадағы басты бейнеге лирикалық қаһарманды жатқызады. Ол – автордың өлеңдегі ішкі «Мен» бейнесі. Лирикалық қаһарманның түп негізі ақынның өзі болғанмен, лирикалық кейіпкер жинақталған,

дараланған, әдеби образ санатына көтерілен ақынның ғана емес, оның замандастарының атынан сөйлеу хақына ие [4, 22-б.]. Ақынның поэтикалық әлемінің арқауы лирикалық қаһарман жалпыланған, жинақталған, көркем түрде жасалған образ. Ақынның бүкіл өлеңдеріндегі негізгі идея, сезім, тақырыптық тұтастық осы лирикалық қаһарман арқылы ашылады. Сонымен қатар ғалым Т. Шапай лирикалық образ бен ақын жанының тұтастығын мойындай отырып, олардың аралығында, қалай дегенмен де, көзге көрінбес нәзік, бірақ аттап өтуге болмайтын қасиетті меже, аралық жатқанын естен шығармау керектігін ескертіп өтеді. Осы арада Т. Шапайдың «Ол өнер мен өмірдің, яғни эстетика тілімен айтқанда, образ бен прототиптің арасында жатқан шекара» деген ойын ұсынғанымыз орынды. Сол себептен ғалым Т. Шапай ақынның лирикалық кейіпкері аталған «межеден» жиі адасып қала беретіндігіне өкінішін білдіреді. Ғалымның ойынша, ақындық «мен» өлеңнен ығысып, ақынның жеке өзіне жол береді. «Ақындық «мен» ақынның өз сырын жария қылумен бірге, жалпының жайын шертуге де өресі жететін және биік тұғырдан сөз алуға хақы бар бейне» [4, 68-б.]. Т. Шапайдың ойынша, «ең бастысы – поэзия адамға жақынырақ қоныс теуіп, замандас жүрегіндегі ең аңсарлы пернелерді басып, неғұрлым адамгершіл тілмен сыр айта, шер тарқата, ой толғай келді» [4, 92-б.]. Бұл жердегі аңсарлы «пернелерге» адамның ең терең, жасырын да нәзік сезімдеріне сағыныш, үміт, мейірім, махаббат, жалғыздық, рухани ізденіс, өмір мәнін түсіну, т.б. сезімдерді жатқызуға болады. «Лирикалық кейіпкер арқылы адам жанының тереңі, қасиет-қуаты пердесіз көрініс табатындығын» ескерсек, қазіргі лирика осы «пернелерді» дәл басып, замандастың жанын суреттеу деңгейіне жетуде.

Лирикалық қаһарман бейнені түрлендіріп, психологизмде жаңа жаңалықтар ашып, қаламгер тәжірибесін анықтауға мүмкіндік береді. Л.Я. Гинзбург көркем әдебиеттегі психологизмнің маңызды қырын «психикалық өмірді оның қайшылықтары мен тереңдігінде зерттеу» деп тұжырымдайды [5, 286-б.]. Ал поэзиядағы лирикалық қаһарман тақырыбын қарастыра келе, келесідей шартты атап көрсеткен: «Лирикадағы поэтикалық ой автордың ішкі жинақталған тәжірибесі поэтикалық тұжырымдар арқылы оқырмандармен найзағайдай жылдам әрі қатесіз байланыс орната алу керек. Әйтпесе, лирика шығармашылық пен қабылдаудың екі жақты әлеуметтік әрекеті ретінде өнерге айналуы мүмкін емес» [6, 12-б.]. Демек, аталған ғалымның ойынша, авторлық сана бірлігі белгілі бір проблемалар төңірегінде тақырып көтеріп, биографиялық, психологиялық, сюжеттік тұрақты белгілерге иелік етіп, лирикалық қаһарман арқылы жеткізіледі.

Адамның рухани өмірінің күрделілігін бейнелейтін тынымсыз лирикалық қарсылық, жан әлемін әр тараптан көрсету үшін табиғат құбылыстарымен салыстыра суреттеу психологизмнің зерттеу нысандарына кіреді. Айналада болып жатқан көрініс тек табиғи қозғалыс ретінде ғана емес, лирикалық қаһарманның ішкі «менінің» мәңгілік қақтығыстарының күресі ретінде суреттеледі. Адам жаны табиғатпен егіз, сол себептен де ақын психологиясына әсер етіп тұрған табиғи құбылыс, нақтырақ айтқанда, Қ. Сарин мен А. Елгезек шығармаларындағы көктем мезгілінің келуі поэзияда оқырман үшін күтпеген қырынан ашылады.

Бүгінгі күнде кез келген құбылысқа жаңаша қарап, өлеңдерінде өзгеше стиль қалыптастырған ақындарымыздың бірі де бірегейі – Ақберен Елгезек. Ақын шығармашылығы терең толғаныстарға, философиялық ой-толғамдарға, адам жанының нәзік бейнесін сипаттайтын, психологизм тұрғысынан кейіпкердің ішкі әлемін танытатын өлеңдерге толы. Ақынның «Алтын қалам», «Көлеңкелер күбірі», «Шексіздік сыртындағы шам» атты өлең жинақтары бар. Әрбір өлеңінде лирикалық кейіпкерінің сана-сезімі мен эмоциялық толғаныстары шынайы, боямасыз беріліп отырады.

### **Зерттеу әдістері мен материалдар**

Зерттеу жұмысында түрлі әдістер кешені қолданылды, атап айтқанда, контекстік талдау арқылы шығарманы зерттеу, «психологиялық сыңарластық» әдісі шығарманың психологизмдік көріністерін таныту мақсатында қолданылды. Көркем шығармадағы

пейзажды ақынның ассоциациялау арқылы бір-бірімен байланыстырып қарауын, қоршаған ортадағы болып жатқан құбылыстарды қабылдағаннан кейінгі әсері арқылы поэзияға ендіретінін байқауға болады. Прозалық туындыда монолог, диалог, портрет, кейіпкерлердің киім-киісі, үй ішіндегі интерьер, т.б. арқылы психологизмнің қалай көрініс табатынын айқындап қарасақ, ал поэзиялық туындыларда көбінесе пейзаж, ырғақтардың кілт тоқтап қалуы, буын санының бірде көп, бірде аз болуы, психологиялық параллелизм (сынарластыру), шендестіру, т.б. секілді көркемдеуіш құралдар арқылы көрініс тауып жатады.

Қазіргі қазақ поэзиясының өкілдері Қ.Сарин мен А.Елгезек шығармалары назарға алынып, ортақ тақырып төңірегінде салыстырулар жүргізіліп, ой-тереңдігін, лирикалық сезім-әсердің көрініс беруін, психологизмнің белгілерін теориялық-практикалық тұрғыда зерттеуге мән бердік. Табиғат лирикасына қатысты тақырыптарының бірі көктем мезгілінің адам жан дүниесімен ассоциациялануын, көңіл-күйдің өзгеруі, аталған мезгілдің сезімге әсері, т.б. секілді психологизмдік көріністері поэзиядағы лирикалық қаһарман арқылы көрініс табуын анықтауға тырыстық. Психологизмнің көркем әдебиеттік тұрғыдан аспектілерін талдап, өлеңде көрініс табатын тұстарын сараладық. Қ. Сариннің өлеңдер жинағы «Арманымның бейнесі» кітабына енген «Көктем» өлеңіндегі авторлық позиция, лирикалық қаһарман, психологиялық параллелизм, бейсана мәселесі, архетип түсінігі мен интуиция, жан дүние фокализациясы, т.б. тақырыптар орын алады. Аталған өлеңді ақын А. Елгезектің «Шексіздік сыртындағы шам» атты өлеңдер жинағына енген «Имани көктем» өлеңімен салыстыра отырып, мәтінде кездескен сөздердің астарына мән беріп, көктем мезгілін психологиялық параллелизм ретінде лирикалық қаһарманның жан дүниесімен байланыстыра қарау арқылы эмоционалды реңктің көрініс бергенін аңғардық. Осы орайда айта кету керек, белгілі лирик-ақын Т. Әбдікәкімовтің «Ақшам хаттары» атты өлеңдер жинағына енген «Көктем» өлеңінде назардан тыс қалдыра алмадық. Ақындарымыздың көктем мезгілін сипаттауы бір болғанмен, контекске сүйене келе, әр ақынның поэзиясында психологизмнің ерекше белгілерін анықтауға болады. Зерттеу барысында отандық ғалымдарымыз З. Қабдолов, З. Ахметов, Р. Нұрғали, Т. Шапайдың зерттеу еңбектеріндегі өлеңге, лирикаға қатысты ойларын саралап, М. Әуезов, Б. Майтановтың және А.Қ. Қалиеваның «Көркем әдебиет: шығармашылық тұлға және психологизм» атты зерттеу еңбегіндегі психологизмге қатысты өзекті тұжырымдарын мақаламызға арқау еттік. Сондай-ақ шетелдік ғалымдар А. Маслоу, К.Г. Юнг, З. Фрейд, А. Адлер, К. Хорни секілді психоаналитикалық зерттеушілердің еңбектеріне ден қойдық, С.Н. Бройтман мен Б.О. Корманның лирикалық қаһарман мәселесіне қатысты тұжырымдарына сүйендік, Л. Гинзбургтың психологизм және лирикалық қаһарманға қатысты ойлары, француз әдебиетшісі Ж. Дженеттің пікірлерін назарға алдық.

### Талдау мен нәтижелер

Қалқаман Сариннің «Көктем» атты өлеңіне ден қойсақ, табиғат пен адам көңіл-күйі бір-біріне тығыз байланысты, қыстың суығы қарттық шақтың жеткенін меңзеп тұрса, ал енді бірде көктем мезгілі пенденің жастық шағы, жас талшыбықтың бүршік жарып, әлемнің жасыл жайлау, түкті кілемге айналуы да осы көктем уақытында болғандықтан жастық ғұмырды дәл осы мезгілге сәйкестендіре аламыз. Ал күз жетіп, жапырақтар сарғайып, күрен түске бөленуі жастық шақты сағыну, көңіл-күйдің күніренуі, қуатты кезенді артта қалдырып, қарттықтың жетіп, қайғының көңілге ұялауымен байланыстырып қарай аламыз. Қ. Сариннің «Көктем» өлеңіндегі мазмұнға назар салсақ, көктем-жүрекке жыр құю, көктем – қайғыны сейілту, көктем келсе – жел жұмсару, көктемнің жетуі – сағыныштан құлазу, көктемде жердің де адамзатқа мұң шағуы. Өлең сөздің алғашқы екі шумағында көктемге қатысты ақынның осындай теңеулерін байқаймыз. Осы ретте келгенде, Т. Шапайдың «Лирика бүгінгі шындығымыздағы күрделі де қайшылықты құбылыстардың жеке адам санасындағы, жан дүниесіндегі проекциясы түрінде көрініс беруге тиіс рухани драманы, оның үміті мен

түңілісін, сенімі мен қобалжуын, ізгі ұмтылысы мен жан айғайын бере алды ма?» [4, 89-б.] деген сауалын есімізге түсірсек, Қ. Сарин лирикасында бүгінгі қоғамдағы қайшылықты құбылыстарды тікелей емес, адамның ішкі әлеміндегі көрінісі арқылы көрсетуіне басты назар аударамыз. Қ. Сариннің «Көктем» өлеңінің үшінші шумағының үш-төртінші тармағы келесідей келеді:

Көктем мен жаз, күз бен қыс өрнек салар,

Шыр айналған дүние-ай, тағдырлы ұршық [7, 36-б.].

Қаламгердің тағдырды ұршыққа балауы арқылы өмірдің алма-кезек айналуын, жылдың төрт мезгілін танытып отырғандығын байқаймыз. Сәйкесінше, көңіл көкжиегінде төрт мезгіл бірінен соң бірі алмасып отырады. Кейде көктемдей құлпырып, ал бірде жаздай жадырап, күздей сарғайып, күңіреніп, қыстай адуынды, қатал, үскірік шалған суық көңілді бастан кешіретіні рас. Ақын өлеңінің өзегіне барлап қарасақ, оның көктемі жастық шақ екен, шыр айналған дүниеде «кәрі қыстың кеткісі келмегендей, бір аяғын барады сылтып басып» деген жолдар да сөзімізді дәлелдей түседі. Қарт адамның аяғын сылтып басқандағы іс-әрекетін қыстың пейзажына теңейді. «Бұлттардың да күн көзінен қорқып жылжуы» орынды метафора деуге келеді. Жердің көктем мезгіліне деген махаббаты, адамзаттың жастық шағына деген ынтызарлығы. Бір аяғын сылтып басса да, артына қайта-қайта қарайлап, көктемді қимай кетіп бара жатқан қыстың пейзажы адамның психологизмін танытып отыр. Психологиялық параллелизмнің бір көрініс ретінде қарай аламыз. Демек, ақын ішкі толғаныс-тебіренісін, қиналған сәтіндегі сезім күйін, жан-дүниесіндегі арпалысын табиғат көрінісімен сыңарластыра бейнелеп тұр.

Психоаналитик ғалымдардың бірі К.Г. Юнгтің айтуынша, адам көңіл-күйіне, психологиясына әсер ететін төрт функция бар. Олар: *ойлау, сезіну, сезу және интуиция*. Ойлау мағына мен түсінуді байланыстыратын концептілік үдеріс болса, ал сезіну бағалау мен таразылаудың субъективті көрінісі [8, 363-б.]. Сезу мен интуицияның бір-бірінен айырмашылығы бар, сезу кезінде кванттық физиканың нысандарын саналы түрде қабылдаймыз, интуиция кезінде біздің бала кезден қалыптасқан бейсана түрдегі процесті айта аламыз. Қалқаман Сарин өлеңіндегі «кәрі қыстың сылтып басып, көктемге қарап тұруын» алғашқы феминистердің бірі, психоанализді Берлинде оқып, өзін З. Фрейдтің ізбасарларының бірімін деп санаған ғалым К. Хорнидің «*базальды үрей*» концептісімен байланыстырсақ, ақын бойындағы үрей сезімін байқаймыз [8, 373-б.]. Аталған концепті бойынша адамның өзін қауіпсіз сезінуге кедергі келтіретін үрейді айтамыз. Яғни, ақын қыс мезгілін қарттыққа балау арқылы, ол кезде қауіпсіз сезінуге тосқауыл болатын жайттар барын, қорқыныш, алаңдаушылық, ішкі жан әлеміндегі уайым, өткенге сағыныш, мұң секілді психологиялық күйлер қауіпсіз сезінуге кедергі келтіретіндігін жеткізеді. Ал гуманистік психологияның негізін қалаушылардың бірі А. Маслоудың өзінің оқыған дәрістерінде, «*Мотивация және тұлға*» еңбегінде «*ескірмейтін ризалық*» [8, 378-б.] деген тұжырымын келтіреді. Ғалымның ойынша, өмірдің қарапайым дағдысына қайта-қайта қараудан жалықпау, тіптен күн батқандағы сәтті күнде көріп жүрсе де алғашқы көріп отырғандай көңілде болу, сіз қолыңызға ұстап тұрған сәби мыңыншы болса да соған алғашқы қарағандай ләззат алу, т.б. осы мәндес психологиялық сезімдер адам ойында «*ескірмейтін ризалық*» түсінігін қалыптастырады. Демек, ақынның қанша көктем өтсе де сол мезгілге қайта-қайта қараудан жалықпауы, «*ұршық тағдыр*» деп теңеп, алма-кезек алмасатын адам өмірі қашан да «*ескірмейтін ризалық*» түсінігіне дендей түседі. Қ. Сарин «Көктем» өлеңінің он үшінші тармағында «*Жер көктемге өлердей ынтық, ғашық*» деген жолдар кездеседі, сәйкесінше жердегі барлық адам өзінің көктемдей құлпырған шағына, алабұртқан, шабыттанған, жайқалған, көңілі серпілген, жадыраған, ұмтылған, т.б. сарындас психологиялық сезіміне қайта оралуға деген ынтызарлық деп көрсетуге болады. Бұл өлеңде лириканың тапқан бағдар тірегі нақ сол ақындық «меннің» жүрегіндегі жарығын болмыстың бар бояуына риясыз төге бастаған айнымас шындығы болып табылады.

Әлеуметтік психология әдістемесінің негізін алғаш қалаушы А. Адлердің сөзінше, біздің мінез-құлқымыз, психологиямыз болашаққа қойған мақсаттарымыз, арман-мұраттарымыз, жоспарларымыз әсер етеді [8, 363-б.]. Ал психоаналитик-ғалым мінез-құлық көрінісін балалық шақ пен өткен оқиғаларға байланыстырып қараған. Екі ғалымның да ойын саралап қарасақ, өз тұжырымын түсінуге жеңіл болу үшін қырық жыл уақытын сарп еткен А. Адлер болашақта тұлғаның әлеуметтенуі оның психологиясына тікелей әсер етсе, ал З. Фрейдке сүйенсек, тұлғаның бейсанасы оның психологиясын танытатынын аңғарамыз. Сондай-ақ «ішкі психологиялық процесс тұлғаның тіл табиғатына экспрессивті түрде әсер ететінін» [9, 33-б.] ескерсек, поэзиядағы лирикалық қаһарманның көңіл-күйі мен эмоциясының да көрінетінін растауға болады деп тұжырымдайды Дж. Мартин. З. Фрейд пен А. Адлердің зерттеулерін сараптай келе, Қ. Сариннің лирикасынан оның бейсаналы түрде өткен шаққа сағынышын, елендеп қарауын байқаймыз. Соған сәйкес көңіл-күйінің түсуін қыс мезгіліне теңегенін мысал ете аламыз.

Поэзияда лирикалық қаһарман автордың өзі деп қарастыра келе, ақын мен оқырман арасындағы баяндаушы делдал – нарратор болып шығады. Қазірде көп айтыла бастаған «адам факторы» дегенді, Т. Шапай, таза поэзияға қатысты алғанда, лирикалық кейіпкерге тиесілі мәселе деп қарайды. Әрине, лирикалық кейіпкер үшін ақын жауапты екенін біліп отырсыз. «Ақыннан қандай даралық күтсек, кейіпкерінің де ішкі мазмұнынан сондай тұлғалық тұтастықты іздейміз» [4, 94-б.]. Өлең өз биігінен, ақын өз тұғырынан адаспауы шарт [4, 95-б.]. Қ. Сарин «Көктем» өлеңінде лирикалық қаһарманның сезімімен, санасымен, жан әлемімен тұйықталады. Бұл әдісті француз әдебиетшісі Ж. Дженеттің «Фигуралар» еңбегінен кезіктіруімізге болады. Аталған еңбекте «ішкі жан дүниенің фокализациясы» деп қарастырады. Бұндағы фокализация сөзінің өзі француздың «focalization» сөзінен сөзбе-сөз аударғанда фокус деген мағынаны білдіреді. Контекспен салыстырып көрсек, ішкі жан әлеміне фокус қою деп тұжырымдауға болады. Бұл жерде «ішкі жан әлеміне фокус қою» түсінігі мен психологизмнің де зерттеу нысанының ұқсас екендігін байқаймыз. Психологизм де лирикалық қаһарманның ішкі жан әлеміне ден қояды. Француз әдебиет сыншысы, қазіргі нарратология және структурализмнің негізін салушылардың бірі Ж. Дженет бұл терминге қатысты келесідей ой айтады: «Фокализация – мәтіндегі оқиғаға деген ұйым көзқарасы мен оның оқырманға жеткізу жолы» [10, 204-б.]. Ал кейбір әдебиет сыншылары бұл іштей тұрақталған фокализация мәтіннің әрбір берілген фразасын айтатын автордың ішкі көзқарасының фокусы деген анықтамалар береді. Сәйкесінше, ақын Қ. Сарин «Көктем» өлеңіндегі лирикалық қаһарманның ішкі көзқарастарына барлау жасап, фокус қояды. Өлеңнің алғашқы шумағына мән берсек:

Жүрегіме жыр құйып көктем сарнап,

Мынау – менің құстарым жеткен самғап.

Қара жердің қайғысын сейілтеді,

Қанатынан күміс нұр көктем саулап [7, 36-б.].

Ақынның лирикалық қаһарманының жүрегіне үңіле түскенін, негізгі кейіпкердің психологиялық күйі қайғыға душар болып, содан шыққысы келетінін аңғарамыз («Қара жердің қайғысын сейілтеді»). Көктемнің жеткен сәтіндегі пейзажды психологиялық параллелизм арқылы қайғының ұмыт болуына, жүрекке нұр құйылу, яғни шаттануға, ақынның шабыт отының ояну сәті дәл осы көктем мезгілі жеткенде болатынын аңғарамыз. Осы орайда қазақ әдебиеттануының белгілі өкілі, академик-ғалым Б. Майтановтың ойын қоса кетсек: «Поэзия арқылы көрніс табатын адам психологиясындағы шындық қоғамға тән таңбалық маңызды бейнелеуге тиіс. Әлеуметтік ортаның белгілі бір құрамы осы тұрғыда ойланса, оны бекерге шығару қате» [11, 311-б.]. Ғалым Б. Майтанов поэзиядағы психологизмге қатысты «психологиялық сыңарластық» деген ұғымды атап өткен.

Қазіргі қазақ поэзиясында өзіндік өрнегімен көрініп жүрген ақын А. Елгезектің «Имани көктем» өлеңі мен жоғарыда талдаған ақын Қ. Сариннің «Көктем» өлеңін салыстыра

талдаудың маңызы зор. Өлеңдерде әдеби-көркемдік жағынан, Қ.Сарин мен А. Елгезек өлеңдеріндегі лирикалық қаһарманының психологизмі бір-біріне мазмұндас. А. Елгезек өлеңінде келесідей келеді:

Бұл көктемнің қанығар ем сырына...  
Тәнім менің – мұң құйылған құмыра.  
Көңілімді тыңдамайды ақылым,  
Екеуінде жоқ неліктен ымыра? [12, 47-б.]

А. Елгезек пен Қ. Сарин өлеңдеріндегі психологизмдік мәнді біріктіретін өмірдегі жан әлемінің заңдылықтарына деген қызығушылық. Ақындар үшін адам өмірі үнемі алдамшы көріністер мен біртіндеп жинақталатын тоқтаусыз көңіл-күйдегі тәжірибеге толы. Адамды бақытты ететін сәттер оның өмірге деген махаббатын ашқанмен, соңында оның құнсызданып, уақытша екендігіне көзі жете бастағаннан-ақ адам баласының сол бақытты сәттерінен қол үзіп қалуға деген қорқыныш оның сана-сезімінде қайғы эмоциясын тудырады. Жоғарыда келтірген А. Елгезектің өлеңіндегі екінші жолына назар аударсақ, ақын санасында жинақталған мұң фоны басқаша, тәтті мұң деуге келеді, ақылдың жүрекке бағынбай, бейсаналы түрде шешім қабылдауы қаламгердің әуелгі бастан тәжірибемен жинақталған танымындағы түсінік. Сол себептен де ақыл көңілдің дегеніне көнбейді. Қ. Сариннің «Көктем» өлеңі де қайғыны ащы мысқылмен береді, адам өмірі ұзақ жолдағы көрген тәтті түс секілді әсер қалдырады. Өлеңдегі «Кәрі қыстың сылтып басып, көктемге қайта-қайта қарауы» деп келгендегі пейзаж, шындап келгенде жақсы, ұнаған дүниені уақытша екендігін ұғынып, онымен қоштасу қорқыныш сезімін тудырады емес пе? Қорқыныш эмоциясы А. Елгезек айтпақшы, «тәнім менің – мұң құйылған құмыраға» айналып, қайғыға ұшыратады. Ақынның лирикалық қаһарманының сынақ келгенде, өмір дауылында жүрегі қатаяды.

Қ. Сариннің «Көктем» өлеңіндегі лирикалық сюжет логикасы бойынша, қарттық кезеңде жастық шақта пайда болған сезімдер ұмытылса да, терең сезіну қабілеті жоғалмайды. Елестер мен көңілсіздіктің ащы дәмі сананы «мұздатып», жансыз тыныштыққа табан тіретіп ақыл-ойдың еріксіз қатаюына ұрындырады.

Шығармашылық ақын үшін қуаныш емес, қайғы болып табылады, себебі ақынға өз туындыларын мінсіздікке балау, тоқмейілсу берілмеген. Ақын лирикалық қаһарманның санасындағы әшекейсіз жалаң болмысын ашу, шын бет-бейнесін таныту, жан әлеміндегі тыныштықтың көрінісін көрсету керек. Қ. Сарин аталмыш өлеңінің он бір-он екінші тармақтарында: төмендегідей келеді:

«Көктем мен жаз, күз бен қыс өрнек салар,

Шын айналған дүние-ай, тағдырлы ұршық», - деген жолдардан өмір түсінген адам үшін әйтеуір бітпейтін, айналып келе беретін қу тіршілік («Шыр айналған дүние-ай»), алдамшы үміттер мен нәтижесіз сенімдер. Әрине, өмірді бұлай қабылдау қайғы сезімінің санада өркен жаюына алып келеді. Көктемнің нақты көріністері адам психологиясының символдық сипатымен орын алмастырады. Осы арада әдебиеттанушы-ғалым Б.О. Корманның мына сөзін келтіре кеткен орынды: «Эмоциялық тонның бірлігі эмоцияналды дегенді білдірмейді, ақын шығармасындағы лирикалық эмоция әртүрлі болуы мүмкін. Әрбір жаңа жағдайда өлеңде эмоционалды реңк жаңа көңіл-күй, басқаша сезім түрінде болады» [13, 18-б.].

«Өзіндегі бар сөздік қорды тасқаяқтай қағыстырып, «бояуы үйлесетін, сыңғыры келісетін сөздер жұбын, тіркес қатарын сарсылы іздеу ақын атаулының маңдайына жазылған кимас дерті, ұйықтап жатқанда да маза бермес азапты қуанышы болса керек» дей келе, Т. Шапай өлеңдегі әр сөздің бойында өзіне шақ поэтикалық энергия – ақындық рухтың сәулесі бар деген ойын келтіреді. «Ұйқастағы сөздер сол қуат пеп сәуленің, мағына мен мәннің тоғыса қайнасып, қаймағы бетіне шыққан тұсы. Шындығында, ұйқас – бір есептен, ақынның қол-аяғындағы бұғау мен кісен. Көздегенін жібермейтін мерген ұйқас табу – қашан да қиынның қиыны» [4, 99-б.] деген пікірдің мәні зор. Қалқаман Сарин өз өлеңдерінде

декларативті тәсілді қолданбайтыны анық, себебі, ақын лирикалық қаһарман арқылы өз ойын тікелей айтпай, сезіндіреді. Қалқаман Сариннің «Түс» өлеңінде лирикалық кейіпкердің түс көруі арқылы сезінетін күйі сипатталады. Өлеңдегі авторлық «меннің» беймазальыққа тап болғандығын байқаймыз. Өлең мазмұнында көктемнің кетіп, беймаза күздің жеткенін аңғарамыз. Ол бұл жағдайда базальды үрей сезінетінін байқаймыз. Баяғы кезін аңсайтын жастық шағында өткерген кезеңдерін еске алумен болады. «Түс» өлеңінің алғашқы шумағында келесідей келеді:

Сен менің бүгін тағы түсіме ендің,

Беймаза бұл халімді түсінер кім?

Жаныма жақұт нұрлы сәуле шашып,

Көзіңнің күліп тұрды ішінен Күн [7, 56-б.], - деген жолдарда байқайтынымыздай, оның теңеп тұрған көз жанарының ішіндегі «Күн» – лирикалық қаһарманның жан дүниесі. Жан дүниесі күлімдесе ғана беймаза тірлігіне мән кіреді дегенге ұқсайды. Қалқаман Сариннің психологизмдік күйді танытатын жоғарыда келтірген «Көктем», «Түс» өлеңдерімен қатар «Құлазу» және «Күйзеліс» өлеңдерін қарастыруға болады. «Құлазу өлеңінен мысал келтірсек:

Қарсы алмас сол баяғы,

Көктем де күліп бізді.

Санам да сарғаяды,

Сіңіріп суық күзді [7, 53-б.].

Бұл «Құлазу» атты өлең жолдарында санадағы көктемге деген сағыныш, яғни, бейсаналы түрде жан дүниенің көктемдей құлпырған, жастық шағын, жан дүниесінің жаңарған сәтін аңсауы, ішкі әлемдегі тыныштық, гармонияны іздеуі. Суық күзді сарғайған сағынышпен байланыстырады. Өлеңдегі сөз бейне бір қанат біткендей, көз алдымызда құбылып, өзгеше ажар тауып, биіктеп сала береді. «Ырғақ пен өлшем ұйқас-үйлесім құдіреті. Сөздердің бір-біріне сәуле шашқан, өзара ерекше қарым-қатынастағы инверсиялық түзілім-қатары адам көңілін құлақ күйіндей тербеп, әлдебір тұйық әсерге, сиқырдай арбаған тылсым аңсарға аударады». Біз тегінде, өлеңдегі поэтикалық мағынадан бұрын, өлеңнің өз сымбатына ғашықпыз. Т. Шапайдың сөзімен келтірсек, «Қара сөзбен айтсаң, түкке тұрмайтын жүдеу ой, болмашы қисын өлеңге түскенде кәдімгідей жан бітеді, «ойнайды», оқылады» [4, 102-б.]. Ал Қ. Сариннің «Күйзеліс» өлеңінде:

Қош айтысқан күндер мен алыс кеткен айлардың,

Қайғысына оралып, қазығына байландым.

Бағым ауып басымнан, тәтті ойынан тоналып,

Жапырағын жел жұтқан күзгі баққа айналдым [7, 65-б.].

Өлең ұйқасына, поэтикалық көркемдігіне мән қойсақ, «шымыр ұйқаспен шегенделгенде, таптаурынның өзі тамылжып кетер еді» деген ойға қосыламыз. Бүгінгі көзқараспен қарағанда, ұйқасты «көбіне тармақ соңында келетін дыбыстық үйлесім» деп түсіну жеткіліксіз. Ұйқас дыбыстық қана емес, мағыналық та үйлесім. Дыбыс келісімі, сөз айшығы ғана емес, ой сымбаты да [4, 108-б.]. «Күйзеліс» өлеңіндегі ұйқас кездейсоқ дыбыс үйлесімі еместігіне көзіміз жетіп, ұйқастың өзі өлеңдегі сезімді танытатын негізгі компонент екендігін айқындаймыз.

Б.О. Корман «Лириканы зерттеу эпос пен драманы зерттеуден әлдеқайда қиын. Бәлкім, лирикалық өлеңді талдаған адам бір емес, бірнеше рет дәрменсіздік сезімін бастан кешірген болар. Өлеңдегі пейзаж бен эмоционалды күй өте қарапайым болып көрінуі мүмкін, бірақ бұл қарапайымдылықтың астарында зерттеушіге бергісіз қазына жатыр», - дей келе оқырман ретінде лирикалық өлеңнің нәріне сусындап, эмоционалды түрде жаныңыз рахаттануы мүмкін, алайда әдебиеттанушы ретінде өлең мен екеуіңіздің араңызда алынбас қамал тұрғандай сезімді бастан өткеретінін жеткізеді. Сондықтан да қазақ поэзиясындағы

психологизм көрінісін ашу, атап айтқанда қазіргі қазақ лирикасына мән беру әдебиеттің дамушы бағыттарын айқындай түседі.

Отандық зерттеуші ғалым, әдебиеттанушы А. Қалиева «Көркем әдебиет: шығармашылық тұлға және психологизм» еңбегінде «Қалай болғанда да көркем психологизм – адамның ішкі әлеміндегі және сыртқы ортамен арадағы үдерістерін жүйелі, қисынды, шынайы әрі әсерлі бейнелеудің бірден-бір үлгісі» дей келе, аталған еңбекте Б. Майтановтың келесідей тұжырымын жеткізеді: «Психологизм – көркемдік бейнелеу принципі, ойлау типі, жазушы талантының төл белгісі әрі стиль көрінісі [14, 25-б.]. Қ. Сариннің «Көктем» өлеңі мен А. Елгезектің «Имани көктем» өлеңінен Т. Әбдікәкімұлының «Көктем» өлеңінің көркемдік-эстетикалық жағынан, психологизм тұрғысынан лирикалық қаһарманның сезім-әсері мен эмоционалды реңкі өзгеше. Өлеңнің өзінен мысал келтірсек:

«Мұңның мені мүмкін бе иектері?

Мұндай бола қоймайды күй өтпелі» [15, 9-б.], - деген жолдардан Т. Әбдікәкімұлының шығармашылық тұлға психологиясы тұрғысынан оптимистік сарынның басым екендігін байқау қиын емес. «Өтпелі күй» деп келтіргендей, өмірдің сынында, жел өтінде, тар жолда, тар қапаста кездескен жан әлеміндегі толғаныс тек жеңіске жетелейді. Ақынның көктемге деген көзқарасы тек жылдың бір мезгілі ғана емес, жастық пен адам баласының, жер әлемнің жаңаруы, өмірдің өлімді жеңуі, жасампаз рухтың қайраты. Пейзажды ақынымыз қозғалыс пен динамикада береді. Мағына астарындағы мазмұнның тұңғығын ақынның лирикалық қаһарманының субъективті психологизмінен іздестіре аламыз. Ақын Т. Әбдікәкімұлы аталған өлеңнің 19-20 тармағында:

«Қалпағыңа, шешсең-ақ, бұл маусымның

Үлгерді торғайы жұмыртқалап» [15, 9-б.].

«Ақынның ішкі болмысы, табиғаты, нәзік сезімге толы иірімдері өлең арқылы оқырманға жетеді. Оқырман тек мазмұнмен шектелмеуі керек. Ақынның табиғатындағы көріктеуіш құралдардың қай жерде не үшін қолданғанын, не үшін теңеудің сол түрін өлеңге өрнек еткенін білуі шарт. Тілдегі инверсия, метафоралы аталымдар, шендестіру сынды құбылыстар әдеби талдаудың негізінде поэзия мәселесінде көбірек қарастырылып жүр» [16, 137-б.] деп, отандық ғалымдарымыз С.Б. Ержанова мен А.К. Жутаева өздерінің тұжырымдарын ұсынып жүр. Лакоф пен Джонсонның «Метафоры, которыми мы живем» еңбегіндегі тұжырымдарға мән берсек, «Оқиғалар мен әрекеттер метафоралық түрде объектілер ретінде концептуализацияланады» деген ой ұсынып, «адам-қорапша» деген тұжырым білдірген. Демек, аталған ғалымдар поэтикалық мәтіндерде көктем мезгілі адамның өн бойымен сезінетін күйі емес, өзі еніп кететін «қорапша» секілді [17, 56-б.]. Яғни, «адам-қорапша» ішіндегі кеңістіктен ауа не сұйық денеге байланысты, ассоциацияны байқаймыз. Мәселен: «Көктем болып тынысташы» // «Мен тербейін болып жел» // «Сирень болып аңқып тұршы» (А. Елгезек); // Соғады әлсіз жібектей жел жұмсарып» // Сағыныштың тамшысын көктен үзіп // Ызғырық жел ұрады, тұла бойды сыздатып» (Қ. Сарин). Бұл мысалдардан байқайтынымыз, көктем атмосфераның бір бөлігі ретінде қабылданып, ақынды белгілі бір күйге енгізіп тұр. Лирикалық субъектінің психологиясында табиғи құбылыс ішкі жан тереңдігінде қабылданатынын байқаймыз. Яғни, поэзияда психологизм табиғи құбылыстар арқылы ассоциацияланатын болса, аталған үдеріс динамикалық күйде болатынын аңғарамыз. Осы арада И. Канттың ойын да айта кеткен орынды: «бір күйден екінші күйге үздіксіз көшу – бұл кез келген құбылыстың өмір сүру тәсілі» [18]. Демек, көктемнің келуі ақынның көңіл-күйіне әсер ете отырып, оны белгілі бір атмосфералық күйге ендіріп, оның эмоциялық толғаныстары поэтикалық мәтінде көрініс береді.

Әдебиет теоретигі В. Хализевтің айтуы бойынша, «Лирикалық қаһарман тек автордың өзімен ғана байланысты емес, көп жағдайда дерлік, оның өмірбаяндық тәжірибесімен, рухани көңіл-күйімен, сөйлеуі және мінез-құлқымен тығыз байланысты» [19, 351-б.]. Аталған үдерістердің негізінде лирикалық қаһарман автордың аутопсихологиялық күйін

жеткізеді. Аутопсихологиялық күй тұлғаның психологиялық әрекетінің ерекше түрін танытады, сондай-ақ адамның өзін-өзі дамытуы мен жетілдіруін, қоршаған әлем мен «Мен» тұтастығын айқындауға мүмкіндік береді.

Зерттеу барысында келесідей нәтижеге көз жеткіздік. Психологизмнің негізгі қызметі – өмірлік шындық пен көркем шындықтың жанды тамырластығын сақтау. Ғалым Б. Майтанов ойынша әдебиеттің өзі психологияның өзінен бұрын енші алған сала. Осы орайда келесідей құнды сөзін келтіре кетсек, «Басқаша айтқанда, психологизм – психологияның әдебиет ордасындағы тұрақты елшісі, көркемдік әлемінің жұлын-жүйесі. Нағыз өнер туындысы – қоғамдық алғышарттар мен жеке адамдар дүниетанымын, олардың іс-әрекетіне жетекші сана-сезімдік қозғаушы күштерді сенімді суреттеу жемісі» [11, 4-б.]. Демек, психологизм сөз өнерінің айнымас бір бөлшегі. Поэзияда ақынның психологиялық көңіл-күйі мен мінез-құлқы, таным-түсінігі, эмоциялық сезім әсері көрініс табары анық. Психологизмсіз поэзияның оқырман жүрегіне жол тартуы да қиынға соғады деп ойлаймыз, М. Әуезовше айтқанда, психологизм араласпаған сөз өнері жазушының тақ-тақ жолы іспеттес. Демек, психологизмсіз жазу өнерінде жарастық та жоқ, жылулық та жоқ. Сол себептен де психологизм өз кезегінде поэзияда лирикалық қаһарманның психологиялық күйі мен ақынның өмірлік тәжірибесінде жинақталған ой-тұжырымдарына сүйенеді [20].

Әдебиеттанушы Л.С. Выготскийдің пікірінше, «Если мы припомним, что лирическая эмоция есть для нашего автора вообще художественная эмоция по существу, т.е. эмоция формы, – то мы увидим, что психология искусства, поскольку она есть психология формы, остается вечной и неизменной, а изменяется и развивается от поколения к поколению только употребление ее и пользование ею» [21, 54-б.]. Демек, лирикалық эмоцияның автор үшін көркем форма екенін ескере келе, психологиялық күй мәңгілік деген түйінге келеміз. Тек уақыт ағынымен ұрпақтан-ұрпаққа жалғасын тауып, даму үдерісінде болып, әлеуметтік-психологиялық мәселелерге байланысты өзгеріске ұшырап отырады.

Белгілі әдебиеттанушы ғалым М.Б. Храпченконың психологизмнің аспектілеріне қатысты «ішкі адам» деген тұжырымын ұсынады. Ғалымның пайымдауынша, «Біз осы уақытқа дейін адамдардың сезімімен бірге жүретініне, дене қозғалысының әрекетіне мән беріп келдік. Мәселен, жүректің ісінуі, меланхолия кезінде қанның баяулауы, ашуланғанда өттің қабынуы және т.б. Дегенмен адамның ішкі және сыртқы әлемінің тоғысуы соншалықты қарқынды болғандықтан, әрбір бейненің, әрбір ойдың тууы кейбір нервтердің қысылуымен туындап жатады» [22, 11-б.], - дей келе «ішкі адам» деген тұжырымды келтіреді. Адамның ішкі әлеміндегі жасырынған адам түсініксіз өмір заңдылықтары негізінде өсіп, жетіледі. Демек, жоғарыда келтірген пікірді зерделей келе, адамның физиологиясы мен жан дүниесінің біте-қайнасуы өмірлік қағида. Тек дене әрекетіне мән беру жеткіліксіз, сол денеден болып жатқан әрекеттер тікелей адам психологиясына да әсер етеді деген сөз. Қазақ дүниетанымында «жан алқымға тірелгенде», «жан дерті», «жан сыры», «жүрек үні», «жан қалауы» деген түсінік тектен тек емес. «Бүгінгі поэзияда ұлттық құндылық пен қазақы болмыс-бітім философиялық оймен өріліп, психологиялық принциптің лирикалық кейіпкердің ішкі сезімдерімен астастыра берілген» [23, 134-б.] деген Б.С. Бегманованың тұжырымына назар аудара келе, психологизмнің де жауап берер сұрағы қаламгердің шығармашылығы арқылы автордың өзін, бүтін бір ұлттың психологиялық күйін, әлеуметтік мәселесін ашуы деп атай аламыз. Сайып келгенде, «Дана қазақ өмірдің әрбір қалтарысын өлеңге қосып, философиялық ой тұжырымдап отырған. Адам ғұмыры туралы, өмірдің мәні жайында терең толғаулар толғаған» [24, 26-б.] деп пайымдаған ғалым Б.Ш. Баешованың пікіріне сүйенсек, поэзияда адам тағдыры, жан әлемі, ішкі болмысы, сезім күйі суреттелетіні анық.

Н. Андреев психологизмге қатысты ойын келесідей қорытады: «Адамның рухани өміріне деген қызығушылық, басқаша айтқанда, психологизм (кең мағынада) әдебиетте әрқашан орын алды. Бұл әбден қалыптасқан табиғи нәрсе. Адамды зерттегенде тұлғаның

деңгейлерінің бірі ретінде психологиялық (рухани) қырын айналып өту мүмкін емес. Әрқашан да тұлғаның көрінуі, өзінің жеке даралық дамуы психологиялық аспектіге ие» [25, 87-б.]. Ғалымның ойына сүйене отырып, жоғарыда талданған А. Елгезек пен Қ. Сарин поэзиясында рухани өмірдің дамуы, жан тыныштығын іздеген адамның үні, жүрек сырының тереңдігі сезіледі.

### Қорытынды

Поэзиядағы лирикалық қаһарман – өлең әлемінің жүрегі, ақынның ішкі «Мені» мен көркем бейне табиғатын тоғыстыратын негізгі тұлға. Ол ақынның жеке сезімі мен ойын ғана емес, тұтас дәуірдің тынысын, замандас көңіл-күйін, қоғамдағы рухани құбылыстарды жинақтап жеткізетін әмбебап образ ретінде қызмет етеді. Лирикалық қаһарман арқылы адам жанының терең қатпарлары, қуаныш пен қайғы, үміт пен түңіліс, арман мен қайшылық секілді нәзік психологиялық жай-күйлер көркем түрде ашылады. Осы міндетті атқаруда лирикалық қаһарман – поэзияның рухани тірегі. Ол ақынның даусы ғана емес, адамдық болмыстың, ішкі драманың, замандас рухының көркем бейнесі. Сондықтан лирикалық қаһарман – поэзияның адамға жақындап, шынайы сырын ашуына мүмкіндік беретін көркемдік кілт. Сонымен поэзиядағы лирикалық қаһарманның ішкі әлемі мен психологиялық бейнесі әрбір ақынның өмір тәжірибесіне, бастан өткерген оқиғаларға байланысты деген болжам жасаймыз. Зерттеу мақаламызда Қ. Жұмалиев, З. Қабдолов, З. Ахметов, Р. Нұрғали, Т. Шапайдың өлеңтануға қатысты пікірлеріне, лириканың табиғатын ашуға қатысты тұжырымдарына зер сала, біз мынана аңғардық: адамның ішкі жан дүниесін, рухани драмасын, үміт пен түңілісті көркем бейнелеуге бағытталған лирикалық қаһарман ақынның жеке «Менінен» бастау алып, замандастың атынан сөйлейтін образ болып табылады. Поэзияда психологизмді танытуда психологиялық сыңарластық, символ, метафора, т.б. көркемдеуіш құралдар қолданылады. Зерттеуімізде қарастырған К. Юнг, З. Фрейд, А. Адлер теориясы бойынша шығармашылық тұлға психологизмі қоғамдағы құбылысқа, балалық шақтан жиналған естеліктерге байланысты екенін аңғардық. Поэзияда психологизмді танытуда психологиялық сыңарластық, символ, метафора, т.б. көркемдеуіш құралдар қолданылады.

Қ. Сариннің «Арманымның бейнесі» атты өлеңдер жинағына енген «Көктем», «Түс», «Құлазу», т.б. өлеңдері мен А. Елгезектің «Шексіздік сыртындағы шам» деп аталатын өлеңдер жинағындағы «Имани көктем» өлеңіндегі идеялар көбінесе символдық түрде ұтымды беріліп, баяндаудың әдеттен тыс түрлерінде, ассоциативті байланыста, сана ағымында, психологиялық сыңарластықта, т.б. көрініс табады. Көктем мезгіліне қатысты өлеңдердің тек табиғатқа ғана қатысты емес екені, оның адамның ішкі әлемінің жай-күйінен де хабар беретінін аңғардық. Поэзиядағы лирикалық қаһарманды құраушы – лирикалық кейіпкерлер. Лирикалық субъектіні де алға шығаратын лирикалық кейіпкер. Демек, Лирикалық кейіпкеріміз ақынның «Мені». Кейде поэзияда күрескерлік рух, бірде нәзік мөлдір сезімді жырлап, өлең бойында ақынның небір қасиеттері көрініп отырады. Сол қасиеттерін жинақтап тұрушы – лирикалық қаһарман. Лирикалық қаһарманның өзі үшін тек субъект ғана емес, сонымен бірге объектіде екендігінен шығады. Объективті шындық субъективті идея ретінде іске асып, бұл зерттеушіге лирикалық қаһарманды, яғни эпикалық тұрғыдан объективті түрде бейнеленген образбен салыстыруға мүмкіндік береді. Әрбір қаламгер өз лирикалық кейіпкеріне иелік етуге қауқарсыз. Ол бір өлеңде төбе көрсетіп отырса да, шындап келгенде өлеңдер топтамасынан не болмаса ақын шығармашылығының тұтас бойында ғана танылуы бек мүмкін.

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қабдолов З. Әдебиет теориясының негіздері. – Алматы: Мектеп, 1970. – 378 б.
2. Нұрғали Р. Сөз өнерінің эстетикасы: Монография. – Астана: Елорда, 2003. – 424 б.

3. Ахметов З. Олең сөздің теориясы. – Алматы: Мектеп, 1973. – 216 б.
4. Шапаев Т. Ой түбінде жатқан сөз. – Алматы: Жазушы, 1989. – 189 б.
5. Гинзбург Л.Я. О психологической прозе. – Л.: Художественная литература, 1977. – 448 с.
6. Гинзбург Л.Я. О лирике. – Л.: Советский писатель, 1974. – 407 с.
7. Сарин Қ. Арманымның бейнесі. Өлеңдер жинағы. – Астана: Нұра-Астана, 2011. – 123 б.
8. Шульц Д.П., Шульц С.Э. Қазіргі психология тарихы. 11-басылым. – Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018. – 448 б.
9. Martin J. A unified psychology of the person? / New Ideas in Psychology. – 2015. – №38. – P. 31–36. <https://doi.org/10.1016/j.newideapsych.2014.10.003>
10. Женетт Ж. Фигуры. – М.: Изд-во им. Сабашниковых, 1998. – 944 с.
11. Майтанов Б. Қазақ романы және психологиялық талдау: Оқу құралы. – Алматы: Санат, 1996. – 336 б.
12. Елгезек А. Шексіздік сыртындағы шам. – Алматы: Хантәңірі, 2014. – 324 б.
13. Корман Б.О. Избранные труды по теории и истории литературы / Предисл. и составл. В.И. Чулкова. – Ижевск: изд-во Удм. ун-та, 1992. – 236 с.
14. Қалиева А.Қ. Көркем әдебиет: шығармашылық тұлға және психологизм: Монография. – Алматы: ЖК «Сейітжанова Ж.Д.», 2012. – 200 б.
15. Әбдікәкімов Т. Ақшам хаттары. – Алматы: Жалын, 1993. – 129 б.
16. Жутаева А.К., Ержанова С.Б. Қазіргі қазақ поэзиясындағы когнитивтік ұғымдар // Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Хабаршысы. Филология сериясы. – 2020. – №2 (178). – Б. 137-144. <https://doi.org/10.26577/EJPh.2020.v178.i2.ph18>
17. Лакофф Дж., Джонсон М. Метафоры, которыми мы живем / Пер. с англ. А.Н. Баранова и А.В. Морозовой. – М.: Едиториал, 2004. – 256 с.
18. Ловягина А.Е. Психические состояния человека. – СПб: СПбГУ, 2014. – 120 с.
19. Хализев В.Е. Теория литературы. 3-е изд., испр. и доп. – М.: Высшая школа, 2002. – 436 с.
20. Әуезов М. Шығармалар. 12 томдық. II том. – Алматы: Жазушы, 1969. – 364 б.
21. Выготский Л.С. Психология искусства. – Ростов-на-Дону: Феникс, 1998. – 480 с.
22. Храпченко М.Б. Мастерство психологического анализа // Собр. соч.: В 4 т. – Т. 2: Л.Толстой. – М.: Худ. лит., 1980. – С. 422–471.
23. Бегманова Б.С. Қазіргі қазақ лирикасындағы ұлттық құндылықтар көрінісі // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2025. – №1 (135). – Б. 125–135. <https://doi.org/10.47526/2025-1/2664-0686.150>
24. Баешова Б.Ш. Қазақ поэзиясындағы шағын шумақтардың зерттелу ерекшелігі // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2024. – №1 (131). – Б. 20–29. <https://doi.org/10.47526/2024-1/26640686.02>
25. Андреев А.Н. Теория литературы: личность, произведение, художественное творчество: Учеб. пособие. В 2 ч. Ч. 1. Теория литературно-художественного произведения. – Минск: БГУ, 2004. – 187 с.

#### REFERENCES

1. Qabdolov Z. Adebiet teoriasynyn negizderi [Fundamentals of literary theory]. – Almaty: Mektep, 1970. – 378 b. [in Kazakh]
2. Nurgali R. Soz onerinin estetikasy: Monografia [Aesthetics of Word Art: monograph]. – Astana: Elorda, 2003. – 424 b. [in Kazakh]
3. Ahmetov Z. Olen sozdin teoriasy [Theory of the word poem]. – Almaty: Mektep, 1973. – 216 b. [in Kazakh]
4. Shapaev T. Oi tubinde zhatqan soz [A word that lies at the root of thought]. – Almaty: Zhazushy, 1989. – 189 b. [in Kazakh]
5. Ginzburg L.Ia. O psihologicheskoi proze [About psychological prose]. – L.: Hudozhestvennaia literatura, 1977. – 448 s. [in Russian]
6. Ginzburg L.Ia. O lirike [About the lyrics]. – L.: Sovetski pisatel, 1974. – 407 s. [in Russian]
7. Sarin Q. Armanymnyn beinesi. Olender zhinagy [The image of my dream. Collection of poems]. – Astana: Nura-Astana, 2011. – 123 b. [in Kazakh]
8. Shulc D.P., Shulc S.E. Qazirgi psihologia tarihy [History of modern psychology]. 11-basylym. – Almaty: Ultyq audarma biurosy, 2018. – 448 b. [in Kazakh]

9. Martin J. A unified psychology of the person? / *New Ideas in Psychology*. – 2015. – №38. – P. 31–36. <https://doi.org/10.1016/j.newideapsych.2014.10.003>
10. Zhenett Zh. Figury [Shapes]. – Moskva: Izd-vo im. Sabashnikovykh, 1998. – 944 s. [in Russian]
11. Maitanov B. Qazaq romany zhane psihologialyq taldau: Oqu quraly [Kazakh novel and psychological analysis: a textbook]. – Almaty: Sanat, 1996. – 336 b. [in Kazakh]
12. Elgezek A. Sheksizdik syrtyndagy sham [Lamp outside Infinity]. – Almaty: Hantaniri, 2014. – 324 b. [in Kazakh]
13. Korman B.O. Izbrannye trudy po teorii i istorii literatury [Selected works on the theory and history of literature] / Predisl. i sostavl. V.I. Chulkova. – Izhevsk: izd-vo Udm. un-ta, 1992. – 236 s. [in Russian]
14. Qaliev A.Q. Korkem adebiet: shygarmashylyq tulga zhane psihologizm: Monografia [Fiction: creative personality and psychologism: monograph]. – Almaty: ZhK «Seiitzhanova Zh.D.», 2012. – 200 b. [in Kazakh]
15. Abdikakimov T. Aqsham hattary [Evening letters]. – Almaty: Zhaly, 1993. – 129 b. [in Kazakh]
16. Zhutayeva A.K., Erzhanova S.B. Qazirgi qazaq poeziasyndagy kognitivtik ugymdar [Cognitive concepts in modern Kazakh poetry] // *Al-Farabi atyndagy Qazaq ulttyq universitetinin Habarshysy. Filologia seriasy*. – 2020. – №2 (178). – B. 137-144. <https://doi.org/10.26577/EJPh.2020.v178.i2.ph18> [in Kazakh]
17. Lakoff Dzh., Dzhonson M. Metafory, kotorymi my zhivem [The metaphors we live by] / Per. s angl. A.N. Baranova i A.V. Morozovoi. – M.: Editorial, 2004. – 256 s. [in Russian]
18. Loviagina A.E. Psihicheskie sostoiania cheloveka [Mental states of a person]. – SPb: SPbGU, 2014. – 120 s. [in Russian]
19. Halizev V.E. Teoria literatury [Literary theory]. 3-e izd., ispr. i dop. – M.: Vysshaya shkola, 2002. – 436 s. [in Russian]
20. Auevov M. Shygarmalar. 12 tomdyq. II tom [Works. 12 volumes. Volume II]. – Almaty: Zhazushy, 1969. – 364 b. [in Kazakh]
21. Vygotski L.S. Psihologia iskusstva [Psychology of art]. – Rostov-na-Donu: Feniks, 1998. – 480 s. [in Russian]
22. Hrapchenko M.B. Masterstvo psihologicheskogo analiza [Mastery of psychological analysis] // *Sobr. soch.: V 4 t. – T. 2: L.Tolstoi*. – M.: Hud. lit., 1980. – S. 422–471. [in Russian]
23. Begmanova B.S. Qazirgi qazaq lirikasyndagy ulttyq qundylyqtar korinisi [Reflection of national values in modern Kazakh lyrics] // *Iasau universitetinin habarshysy*. – 2025. – №1 (135). – B. 125–135. <https://doi.org/10.47526/2025-1/2664-0686.150> [in Kazakh]
24. Baeshova B.Sh. Qazaq poeziasyndagy shagyn shumaqtardyn zerttelu ereksheligi [Features of the study of small stanzas in Kazakh poetry] // *Iasau universitetinin habarshysy*. – 2024. – №1 (131). – B. 20–29. <https://doi.org/10.47526/2024-1/26640686.02> [in Kazakh]
25. Andreev A.N. Teoria literatury: lichnost, proizvedenie, hudozhestvennoe tvorchestvo: Ucheb. posobie. V 2 ch. Ch. 1. Teoria literaturno-hudozhestvennogo proizvedeniya [Literary theory: personality, work, artistic creation: Study guide. In 2 hours, Part 1. Theory of literary and artistic work]. – Minsk: BGU, 2004. – 187 s. [in Russian]

### **The Problem of the Lyrical Hero and Psychologism in Modern Kazakh Poetry (Based on the poems of Kalkaman Sarin and Akberen Elgezek)**

**Abstract.** Contemporary Kazakh lyric poetry is closely linked to social change, spiritual quests, and the inner experiences of the human mind. Poets have increasingly strived for a profound and truthful expression of the soul, feelings, and inner psychological state. This underscores the relevance of psychologism in Kazakh poetry. In contemporary literary studies, issues such as the nature of the lyrical self, internal monologue, and the struggle between feelings and consciousness are widely explored and require new theoretical analysis. This article examines the manifestation of psychologism in contemporary Kazakh poetry and the problem of the lyrical hero in poetry from a scientific perspective. A comparative analysis of the works of foreign and domestic scholars devoted to the lyrical hero is conducted, and conclusions are drawn based on these studies. The image of the lyrical hero in poetry enriches artistic reality and allows literature to create new experiments. The main focus of our article is the theme of psychologism, which helps reveal the author's inner thoughts, feelings, experiences, and secret insights. This study explores the themes of psychological depth and development of the lyrical hero, the poet's mental anguish, loneliness, hope, and

fear. The article examines and explores poems by prominent contemporary Kazakh poets, including Kalkaman Sarin and Akberen Elgezek, that focus on spring. Given that spring-themed poems not only explore natural phenomena, we sought to determine the interplay between the poet's psychologism and the image of nature, as well as the process by which nature manifests itself in the work. In this research article, authors analyzed the findings of K. Zhumaliyev, Z. Kabdолоv, Z. Akhmetov, R. Nurgali, and T. Shapay regarding the nature of poetry and lyricism, drawing attention to the insights of international psychoanalytic scholars, from S. Freud to A. Adler, on the psychological process. Drawing on the findings of researchers and scholars of domestic literary studies, were attempted to uncover and formulate the topic of this article.

**Keywords:** psychologism, lyrical hero, focalization, poetry, lyrics.

### **Проблема лирического героя и психологизма в современной казахской поэзии (По мотивам стихов Калкамана Сарина и Акберена Елгезека)**

**Аннотация.** Современная казахская лирика тесно связана с социальными изменениями и духовными поисками, внутренними переживаниями в сознании человека. В творчестве поэтов усилилось стремление к глубокой и правдивой передаче души, чувств, внутреннего психологического состояния человека. Это обуславливает актуальность феномена психологизма в казахской поэзии. В современном литературоведении такие вопросы, как природа лирического «я», внутренний монолог, борьба чувств и сознания, широко рассматриваются и требуют нового теоретического анализа. В данной статье рассматривается проявление психологизма в жанре современной казахской поэзии и проблема лирического героя в стихах с научной точки зрения. Проводится сопоставительный анализ трудов зарубежных и отечественных учёных, посвящённых лирическому герою, и на их основе делаются выводы. Образ лирического героя в поэзии обогащает художественную действительность и позволяет литературе создавать новые эксперименты. Основной объект нашей статьи – тема психологизма, помогающая раскрыть внутренние мысли, чувства, переживания, сокровенные мысли автора. Исследование посвящено темам психологической глубины и развития лирического героя, душевных терзаний поэта, одиночества, надежды и страха. В статье рассматриваются и исследуются стихотворения выдающихся представителей современной казахской поэзии, известных поэтов Калкамана Сарина и Акберена Елгезека, связанные с весенней тематикой. Учитывая, что стихотворения на весеннюю тему повествуют не только о природных явлениях, мы попытались определить взаимовлияние психологизма поэта и облика природы, сам процесс её проявления в произведении. В научной статье были проанализированы выводы З. Кабдолова, З. Ахметова, Р. Нургали, Т. Шапая о природе поэзии и лирики, обратив внимание на мысли мировых психоаналитических ученых от З. Фрейда до А. Адлера о психологическом процессе, и опираясь на выводы исследователей и ученых отечественного литературоведения, авторы попытались раскрыть и сформулировать тему данной статьи.

**Ключевые слова:** психологизм, лирический герой, фокализация, поэзия, лирика.

#### **Авторлар туралы мәлімет**

**Өтеміс А.С.** – корреспондент-автор, PhD докторант, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, e-mail: otemis.kaz@mail.ru, Қазақстан, Алматы қ.

**Абдуллина А.Б.** – PhD, аға оқытушы, Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, e-mail: anarabdullina@rambler.ru, Қазақстан, Ақтөбе қ.

#### **Information about the authors**

**Otemis A.S.** – The Corresponding Author, PhD Doctoral Student, Al-Farabi Kazakh National University, e-mail: otemis.kaz@mail.ru, Kazakhstan, Almaty.

**Abdullina A.B.** – PhD, Senior Lecturer, K. Zhubanov Aktobe Regional University, e-mail: anarabdullina@rambler.ru, Kazakhstan, Aktobe.

#### **Сведения об авторах**

**Отеміс А.С.** – автор-корреспондент, PhD докторант, Қазақстан Республикасының А.С. Әл-Фараби атындағы ұлттық университеті, e-mail: otemis.kaz@mail.ru, Қазақстан, г. Алматы.

**Абдуллина А.Б.** – PhD, старший преподаватель, Актюбинский региональный университет имени К. Жубанова, e-mail: anarabdullina@rambler.ru, Қазақстан, г. Ақтөбе.